

БЕКІТЕМІН:

Абай облысының білім
басқармасы ММ «Дарындылық пен
қосымша білім беруді дамытудың
облыстық ғылыми-әдістемелік

«Дарын» орталығы» КМҚК

директор Ж.Ныязбекова

«24» Ақпан 2026 ж

Қазақ тілі мен әдебиетінен Қ.О. Бітібаева атындағы республикалық олимпиадасының облыстық кезеңін ұйымдастыру мен өткізу ЕРЕЖЕЛЕРІ

I. Жалпы ережелер

1.1. Берілген Ереже «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, Абай облысының білім басқармасы «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығының жоспарына сәйкес, қазақ тілі мен әдебиетінен академик, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, «Құрмет» орденінің иегері Қ. Бітібаева атындағы республикалық олимпиаданың облыстық кезеңін (бұдан әрі - Олимпиада) ұйымдастыру мен өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Олимпиаданың мақсаты: Абай облысының дарынды оқушыларын анықтау, дамыту және қолдау көрсету болып табылады.

1.3. Олимпиаданың негізгі міндеттері:

1) оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша білімдерін жетілдіру мен тереңдету;

2) патриотизмді, ұлтжандылықты дамыту, ұлттық мәдениетке, дәстүрлерге деген құрметті дәріптеу;

3) оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

1.4. Олимпиаданың облыстық кезеңін ұйымдастырушы Абай облысының білім басқармасы «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК (бұдан әрі ДпҚББДОҒӨО «Дарын») болып табылады.

II. Олимпиада қатысушылары

2.1. Олимпиадаға қазақ тілінде білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушылары ерікті түрде қатыса алады.

2.2. Облыстық кезеңге аудандық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері квотаға сай қатыса алады.

2.3. Команда жетекшілеріне Олимпиада өткізілетін жерге дейін бару және қайту жолында және өткізілетін уақытта қатысушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне тікелей жауапкершілік жүктеледі.

mf *Асан* *Бек*

III. Олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізу тәртібі

3.1. Олимпиаданы облыстық кезеңін өткізу үшін шараны техникалық ұйымдастырумен әдістемелік қамтамасыз ететін және үйлестіруді жүзеге асыратын ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті жыл сайын өтетін күні мен орнын айқындайды, қазылар алқасын құрамын, олимпиаданың өткізу бағдарламасын, қатысушы командалардың тізбесін бекітеді, олимпиаданың облыстық кезеңін қорытындысын шығарады, Республикалық ұйымдастыру комитетіне Олимпиаданың облыстық кезеңінің жүлдегерлер тізімін ұсынады.

3.3. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау, Олимпиада қатысушыларының рейтингісін құру үшін құрамына өңірдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының жетекші ғалым-оқытушыларынан қазылар алқасының құрамы сайланады.

3.4. Олимпиаданың қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын тексереді және бағалайды, жеңімпаздарымен жүлдегерлерді анықтайды.

3.5. Олимпиада 3 кезеңде өткізіледі:

1) бірінші - аудандық (қалалық) білім бөлімдері өткізеді;

2) екінші - іріктеу облыстық - республикалық ғылыми-әдістемелік кеңес дайындаған тапсырмалар бойынша өткізіледі. Олимпиаданың екінші кезеңіне бірінші кезеңнің жеңімпаздары қатысады. Әр ауданнан (қаладан), облыстық мамандандырылған мектептен 3 оқушы қатысады: 9 сынып – 1 оқушы, 10 сынып – 1 оқушы, 11 сынып – 1 оқушы.

3) үшінші кезең – республикалық - республикалық ғылыми-әдістемелік кеңес дайындаған тапсырмалар бойынша өткізіледі.

3.6. Олимпиада 2 айналымда өткізіледі:

1 айналым – жазбаша – эссе;

2 айналым – ауызша – қазақ тілін, қазақ әдебиетінің шығармаларын,

Қ.О. Бітібаеваның өмірбаянын, оның ғылыми мұрасын және публицистикалық еңбектерін білу бойынша.

IV. Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау

4.1. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

4.2. Жеңімпаздар саны қатысушылардың жалпы санының 45 пайызын құрайды.

4.3. Олимпиаданың облыстық кезеңінің барлық қатысушыларына сертификаттар табысталады.

V. Олимпиаданы қаржыландыру

5.1. Олимпиада қатысушыларының жол жүруін, тамақтану және тұратын жерін ұйымдастырумен байланысты шығындар жіберуші білім мекемелерінің немесе жеке (демеушілік) қаражат есебінен жүзеге асырылады.

5.2. Облыстық кезеңді өткізу, жүлдегерлерді марапаттау бекітілген шығындар Абай облысының ДпҚББДОҒӘ «Дарын» орталығының сметасы аясында жүзеге асырылады.

Мер. Аманжол Саид